



ҚҰРМЕТТІ ШӘКІРТ!

Сенің оқып, білім алуыңа септігін тигізетін тағы бір көмекші құрал – қолыңдағы өз бетіңше орындайтын жұмыс дәптері. Сен қазақ тілі сабағының жаттығу дәптерінде берілген тапсырмаларды орындау арқылы бұрынғы алған біліміңді еске түсіресің, жаңа мағлұматтар аласың, шығармашылық қабілетіңді дамытасың, өз біліміңді бағалап, қорытынды жасайсың.

«Өзіндік жұмыс дәптерінің» құрылымы:

Жұмыс дәптері 2 бөлімнен тұрады. №1 жұмыс дәптерінде «Білімге құштар болайық», «Әдепті болайық», «Әулетіммен мақтанамын», «Отанымды сүйемін» тараулары бойынша түрлі мәтіндер мен тапсырмалар қамтылды. Сондай-ақ, әр тарау тақырыптық сабақтарға бөлінген. Ол арнайы кодтар арқылы көрсетілді. Кодтың алдыңғы саны тараудың, соңғы саны тақырыптық сабақтың ретін көрсетеді. *Мысалы:* II.2 – екінші тарау, екінші тақырыптық сабақ.

Тарауларда берілетін білім мазмұнының ауқымына сай әр тараудағы тапсырмалар саны әртүрлі болумен қатар, тапсырмалар «жеңілден күрделіге қарай» ұстанымы бойынша берілді.

Бағалау шарты

Бұл дәптер сенің нені білетініңді, нені білмейтініңді, саған қандай көмек қажет екендігін анықтауыңа да мүмкіндік береді. Әр тапсырманы орындаған соң, өзінді-өзің бағалайсың.



-“Тапсырманы толық орындадым”,



- “Сұрақтарым бар” дегенді білдіреді.

Әр тапсырманы орындап болған соң, өзіңнің қаншалықты деңгейде орындағаныңа қорытынды жасап, күлегештің соңындағы -тың ішіне ✓ белгісін қоясың. Соңғы күлегештің жанына белгі көп қойсаң, ата-анаңнан, мұғаліміңнен көмек сұрағаның жөн.

Күніне 20-25 минутта 4-5 тапсырма орындауыңа болады.

Жауап парағы:

Өзіндік жұмыс дәптерімен бірге, тапсырмалардың дұрыс жауаптары да берілген. Тапсырманы дұрыс орындағандығыңа көз жеткізу үшін, жауап парағына жүгінесің. Шығарма жазу, өлеңдерді жаттау, мәнерлеп оқу қатарлы шығармашылық қабілетіңе қатысты жұмыстарға арнайы жауап берілген жоқ.


Өзіндік жұмыс дәптері сенің біліміңді шыңдауыңа көп үлес қосатынына сенеміз.

Іске сәт!

Дыбыс пен әріп

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат




- Дыбыс пен әріпті сызықпен сәйкестіреміз.
- Суреттегі заттардың атын жазамыз.
- Өлеңді оқып, жаттаймыз.
- Буыннан сөз құрап жазамыз.
- Өз білімімізді бағалаймыз.

Бағалау шарты: 🤝 -“Тапсырманы толық орындадым”;
 🤔 - “Сұрақтарым бар”;

Күлегештің соңындағы -тың ішіне ✓ белгісін қоямыз.

1-тапсырма. Заттың аты қай дыбыстан басталады? Сызықпен сәйкестірейік.



К Т Ш Р Е С Ж

2-тапсырма. Суреттегі заттардың атын жазайық.







3-тапсырма. Өлеңді жаттап, ата-ана, ұстазымызға мәнерлеп оқып берейік.


Білім күні

Өлемдегі барша жұрт,
 Бас иеді білімге.
 Білім күнін қарсы алып,
 Қыркүйектің бірінде.


Білім күні, біл мұны,
 Ойға сәуле шашады.
 Баршамызға бұл күні,
 Мектеп есік ашады.

4-тапсырма. Буыннан сөз құрап жазайық.

Қа



Ай




Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау 🤝 🤔

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн....сағат



- Сөздерді оқып, әліпби ретімен орналастырамыз.
- Жұмбақты оқып, шешуін тауып, көркем жазамыз.
- Сөзде неше әріп, неше дыбыс барын анықтаймыз.
- Өз білімімізді бағалаймыз.

1-тапсырма. Берілген сөздерді оқиық. Көп нүктенің орнына қай әріпті қоюға болады? Сәйкес әріпті белгілейік. Сөздерді оқып, әліпби ретімен жазайық.



ДО ... БЫРА

(Н, М, Н)



К ... РП

(Ы, І)



К ... ШІК

(Ү, Ү)



ҚҰЛ ... Н

(Ы, Ү)

Handwriting practice lines with four columns corresponding to the words above. Each column has a vertical line and a dotted line to guide letter height.

2-тапсырма. Жұмбақты оқып, шешуін тауып, көркем жазайық.

Handwriting practice lines showing the word "Жұмбақ" written in cursive. Below it, the riddle is written in cursive: "Кезікті бір жануар, үстінде екі тауы бар".

3-тапсырма. Суреттегі заттардың атын жазайық. Сөзде неше әріп, неше дыбыс бар?



○ ○ ○ ○ ○

.....әріп дыбыс



○ ○ ○ ○ ○

.....әріп дыбыс



○ ○ ○ ○ ○ ○ ○

.....әріп дыбыс

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау 🤗 🤔

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн...сағат



Дауысты дыбысты айтқан кезде, ауа кедергіге ұшырамай, еркін, созылып айтылады.

Дауыссыз дыбыстарды айтқан кезде, ауа кедергіге ұшырап, қысқа айтылады.

- Сөздегі дыбыстарды дауысты, дауыссызға ажыратамыз.
- Мәтінді түсініп оқимыз.
- Мәтінге ат қойып, көшіріп жазамыз.

1-тапсырма. Суретте берілген заттардың атын жазып, дауысты дыбыстарды қызыл өңмен, дауыссыз дыбыстарды көк өңмен бояйық.



--	--	--	--	--	--	--	--

--	--	--	--

--	--	--	--	--

--	--	--	--	--

2-тапсырма. Адасқан әріптерді орнына қойып, сөз жасайық.

«Кім жылдам?» ойыны

- | | |
|---------------------|-------|
| ы, н, с, ы, п. | _____ |
| о, у, ы, л, қ, қ | _____ |
| қ, ң, о, а, р, ы, у | _____ |
| с, ұ, з, а, т | _____ |
| к, е, м, п, т, е | _____ |
| а, л, а, д. | _____ |

3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқиық. Мәтінге ат қойып, көшіріп жазайық.

Оқушылар мектепке келді. Қоңырау соғылды. Балалар сыныпқа кірді. Анар кезекші еді. Қайрат оған көмектесті. Мұғалім келді. Оқушылар орындарынан тұрып, сәлемдесті. Сабақ басталды.

Handwriting practice lines consisting of multiple sets of horizontal and diagonal blue lines forming a grid for copying text.

Аяқтаған: жыл ай ... күн...сағат

Өзіндік бағалау 🤔 😊

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн...сағат



- Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаймыз.
- Өз ойымызды баяндап, көркем жазамыз.
- Өзімізді бағалаймыз.

1-тапсырма. Сөздерді оқып, дыбыстық талдау жасайық.

Мектеп – 6 әріп, 6 дыбыс.

Ғылым - ... әріп, ... дыбыс

М – дауыссыз дыбыс.

Ғ – _____

е – дауысты дыбыс.

ы – _____

к – дауыссыз дыбыс.

л – _____

т – дауыссыз дыбыс.

ы – _____

е – дауысты дыбыс.

м – _____

п – дауыссыз дыбыс

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындайық.

Міне, жаз өтіп, күз болды. Сабақ басталатын кез келді. Менің інім мектепке барады. Оның ойыншықтары көп. Олар: машина, доп, қонжық, ұшақ. Інім ойыншықтарын балабақшадағы балаларға апарып беруді өтінді. Інімнің ойын мен де құптадым.

1. Інімде қандай ойыншықтар бар? Белгілейік.













2. Сұраққа жауап жазайық.

- Жылдың қай мезгілі? _____

- Інім қайда барады? _____

- Ол не үшін ойыншықтарын балабақшаға бермек болды? Өз ойыңды жаз.

3. Мәтін саған ұнады ма? Неге?

Handwriting practice lines consisting of horizontal and diagonal lines forming a grid.

Аяқтаған: жыл ай ... күн...сағат

Өзіңдік бағалау





Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн...сағат



Сөз дыбыстардан құралады. Дыбыстарды әріппен таңбалаймыз. Дыбыстарды айтамыз, естиміз. Әріптерді көреміз, жазамыз. Я, ё, ю – қосарлы дыбыстар.

1-тапсырма. Сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?

Үлгі: Таяқ - 4 әріп 5 дыбыс
 циркуль - 7 әріп 6 дыбыс
 оқушы - ...әріп ...дыбыс лагерь -әріпдыбыс
 ұя - ...әріп ...дыбыс жария -әріпдыбыс
 пәлте - ...әріп ...дыбыс қою -әріпдыбыс
 коньки - ...әріп ...дыбыс асхана -әріпдыбыс

2-тапсырма. Мақалды оқимыз. Сөздерге дыбыстық талдау жасап, торкөздегі дауысты дыбысты қызылмен ■, дауыссыз дыбысты көкпен ■ бояймыз.

О	қ	у	с	ы	з

б	і	л	і	м

ж	о	қ

Б	і	л	і	м	с	і	з

к	ү	н	і	ң

ж	о	қ


3-тапсырма. Өлеңді түсініп оқиық. Жаттап алайық.

Кітап – білім бұлағы

Білім алар көп адам,
 Жақсы нәрсе жоқ одан.
 Қызыға кеп оқимын,

Кітап көрсем жаңадан.
 Кітап маған ұнады,
 Кітап – білім бұлағы.

4-тапсырма. Мақалды оқып, есте сақтайық, көркем жазайық.




Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн..... сағат



- Сөздерді дыбыс санына қарай бағандарға топтап жазамыз.
- Әріпті жұмбақты оқып, шешуін табамыз.
- Сурет бойынша сөйлем құрап жазамыз.

1-тапсырма. Сөздерді дыбыс санына қарай бағандарға топтап жазайық.

Өнер, ел, кітап, қасқыр, ұлу, дәптер, баян, ою, ұшақ, оқулық, футбол, таяқ, ән.

2 дыбыс	3 дыбыс	4 дыбыс	5 дыбыс	6 дыбыс

2-тапсырма. Әріпті жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Табада бар,

Танада жоқ.

Сабада бар,

Санада жоқ. (.....)



Нарда бар,

Қарда жоқ.

Нанда бар,

Майда жоқ.(.....)

3-тапсырма. Құстардың аттарын жазайық. Сөздерге сөйлем құрайық.

 <p>штәе -</p>  <p>кешінегр -</p>  <p>ағрақ -</p>  <p>аукк -</p>	 <p>қлыаршағ -</p>  <p>ктірбү -</p>  <p>ақз -</p>  <p>ғатрйо -</p>
--	---

Handwriting practice lines with slanted vertical lines and horizontal lines.

4-тапсырма. Дұрыс жауапты тауып, белгілейік.

«Ю» қандай дыбыстардың қосарлануынан жасалады?

а) йу

ә) йо

б) ау

в) йа

«Я» қандай дыбыстардың қосарлануынан жасалады?

а) йу

ә) йо

б) ау

в) йа

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау





Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн...сағат



- Мәтінді түсініп оқып, мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаймыз.
- Өз ойымызды баяндап жазамыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Менің атым – Саян. Мен қалада тұрамын. Қысқы демалыста мен ауылға барамын. Онда атам мен әжем тұрады. Мен балалармен бірге шанамен сырғанаймын. Қардан аққала жасаймын. Шаңғы тебемін. Атаммен орманға барамын. Атам мен әжеме көмектесемін. Ауыл маған қатты ұнайды.

1) Саян қысқы демалыста қайда барады?

- а) қалаға ә) ауылға б) тауға в) теңізге

2) Саян демалыста не істеді? Сәйкес суреттерді белгілейік.



3) Сен бос уақытыңды қалай өткізесің?

Handwriting practice grid with four columns and several rows of lines.

4) “Саян” сөзіне дыбыстық талдау жасайық.

Handwriting practice grid showing the phonetic analysis of the word 'Саян':

Саян – ... әріп ... дыбыс Са – ян

С –

а –

я –

н –


Аяқтаған: жыл ай ... күн...сағат

Өзіндік бағалау





Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Сурет бойынша шағын мәтін құрап жазамыз.
- Сөз құрап айтамыз.
- Өлеңді толықтырып жазамыз.

1-тапсырма. Сурет бойынша шағын мәтін құрап жазайық.



Тірек сөздер:

Күз, мектеп, сабақ, гүл, мезгіл, тамаша, бала, жапырақ, сынып, білім, құттықтап, қыркүйек, керемет, айы, сарғайып, жақсы, оқушылар.

Жоспар:

- 1.Күз мезгілі.
- 2.Сабақ басталды.
- 3.Біздің сынып.

Handwriting practice area with a grid of blue lines.

2-тапсырма. Әрбір сөздің басқы әрпін пайдаланып, жаңа сөз құрап, сызыққа жазайық.



3-тапсырма. Төмендегі өлеңді толықтырайық.

Бір Аллаға сиынып,
 Кел, балалар,
 Оқығанды көңілге,
 Ықыласпен

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат




- Мәтінді дұрыс, түсініп оқимыз.
- Сөздердің жазылуын еске сақтаймыз.
- Сөйлемдердің ретін табамыз.
- Кітап туралы өз ойымызды жазамыз.

1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.

Кітап – ғажап дос

Мен адамның досымын. Менің атым – кітап. Мені жасау үшін адам көп еңбек сіңірді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарды. **Фабрика** ол ағаштан қағаз жасап шығарады. Содан соң оған **авторлар** жазады, суреттерін салады. **Баспахана** жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады. Жұмысшылар көліктер мен **пойыздарға** тиеп, ауыл-ауылға, қала-қалаларға таратады. Міне, мен енді сенің қолыңда тұрмын. Мені күтіп, жыртпай ұста. Мен сенімді досыңмын!

2-тапсырма. Мәтіндегі қарамен белгілеген сөздерді көшіріп жазайық. Жазылуын есте сақтайық.



3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазайық.

Қағазды неден жасайды? _____

Кітапты не үшін жасайды? _____

Қандай кітаптарды оқығанды ұнатасың? _____

4-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін тауып, белгілейік. (1-4)


Мен сенімді досыңмын.

Алдымен адам орманнан ағаш кеседі.

Менің атым – кітап.

Содан соң оған **авторлар** жазады, суреттерін салады.

5-тапсырма. Кітап туралы өз ойымызды сызықтарға жазайық.



Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау





Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын дөңгелектеп белгілейміз.
- Тиісті сөздерді жазып, сөйлемдерді толықтырамыз.

1. Әріп дегеніміз не?

- а) дыбыстың таңбасы ә) дыбыс б) дыбыстар тізбегі

2. Сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?

жию –әріп,дыбыс

шаян –әріп,дыбыс

3. Дыбыс пен әріп саныңда айырмашылық бар сөзді көрсетейік.

- а) орман ә) ұшақ б) бүгін в) қоян


4. 6 әріп 7 дыбыстан тұратын сөзді белгілейік

- а) лагерь ә) подъезд б) саяхат

5. Дұрыс жазылған сөзді белгілейік.

- а) тайақ ә) таяқ б) тайяқ в) таиақ

6. Суреттегі заттардың атауын жазайық.



7. Сен қай мектепте оқисың?

8. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазып, сөйлемдерді толықтырайық.

Кітап оқитын орын, ауасы, айқай-шусыз болғаны дұрыс.

Кеудені тіреуге болмайды.

Кітап шынтақ бойы болғаны жөн.

Керекті сөздер: көзден, алшақ, жарық, таза, партаға.

9. Мақалды жалғастырайық.

Мектеп – кеме,

.....

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау





Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат

Тараулық бағалаудың жол картасы

- «Біз не үйрендік?» бөліміндегі тапсырмалардың ретін жазып, теңізге саяхат жасайық.

Сөйлемді толықтырайық.
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Мақалды жалғастырап жазайық.
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Сен қай мектепте оқисың?
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Суреттегі заттардың атауын жазайық.
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Дұрыс жазылған сөзді белгіле.
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

6 әріп, 7 дыбыстан құралған сөзді белгіле.
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Дыбыс пен әріп санында айырмашылығы бар сөздерді көрсет.
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Әріп дегеніміз не?
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?
Мұғалімнің бағалауы [] []
Өзіндік бағалау [] []

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жауаптары									

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн сағат



Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ұ, ы, (у).

Сөздегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз жуан айтылады.

- Сөздерге дыбыстық талдау жасап, дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке айтылуын анықтаймыз.
- Өлеңді дұрыс, түсініп оқып, жаттаймыз.

1-тапсырма. Сөздердің дыбысталуын салыстырып оқиық.

От – өт

дау – дәу

сыз – сіз

Қол – көл

сан – сән

тұр – түр

2-тапсырма. “Таяқ”, “алғыс” сөздеріне дыбыстық талдау жасайық.

Үлгі: Таяқ – 2 буын, 4 әріп, 5 дыбыс. Та – яқ.

Т – дауыссыз дыбыс.

а – жуан, дауысты дыбыс.

я – қосарлы дыбыс.

қ – дауыссыз дыбыс.

Handwriting practice lines for the word "алғыс" (alghys). The word is written in cursive on the first line. Below it, the letters 'а', 'л', 'ғ', 'ы', 'с' are written on separate lines, each followed by a horizontal line for tracing or copying.

3-тапсырма. Өлеңді дұрыс, түсініп оқиық. Жаттап алайық.

Ізгі сөздер

Бақшамызға барғанда,
 Жолыққан бір жандарға,
 «Қайырлы таң!» – деймін мен.
 Күндіз де елді елеймін:
 «Қайырлы күн!» тілеймін.
 Үйге кешке келемін,
 Не дерімді білемін,
 «Кеш жарық!» деп кіремін.
 Алдымыздан кезіккен,

Көп танысты көреміз.
 Бәріне де ізетпен,
 Біздер сәлем береміз.
 – Сәлеметсіз бе, ағай! – деп,
 – Сәлеметсіз бе, апай! – деп,
 – Есенсіз бе, әжей! – деп,
 – Амансыз ба, атай! – деп,
 Ұл-қыз сәлем береміз,
 Өнегелі өренбіз.

(Ө.Ақыпбеков)

4-тапсырма. Сәлемдесудің қандай түрлерін білесің?

Blank handwriting practice lines for the 4th task.

Аяқтаған: жыл ай күн.....сағат

Өзіндік бағалау 😊 😞

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ...сағат



- Ертегіні мұқият оқып, тапсырмаларды орындаймыз.
- Ертегінің мазмұнын ата-анамызға айтып береміз.

1-тапсырма. Ертегіні оқып, тапсырмаларды орындайық.

Мақтаншақ қоян

Баяғыды бір қоян болыпты. Ол өте мақтаншақ екен. Бір күні орманға барлық қояндар жиналды. Мақтаншақ қоян ортаға шығып:

– Менің құлағым үлкен, көзім үлкен, тісім үлкен. Мен күштімін, батырмын. Мен ешкімнен қорықпаймын, қасқырдан да, аюдан да, – деді.

Бір уақытта қояндар тысыр естіді. Ең бірінші мақтаншақ қоян қорқып кетті. Ол бұтаға секірді. Бұтаның түбінде қасқыр тұр еді. Қоян қасқырдың басына құлады. Қасқыр ештеңе көрмей қалды да, қорқып, қашып кетті.

Қояндар қайта жиналды.

– Сен батырсың. Сенен қасқыр қорқып қашып кетті, – деді олар.

2-тапсырма. Ертегі кейіпкерлерін атап, жазайық.



3-тапсырма. Суреттерді ертегі оқиғасы бойынша реттейік. (1, 2, 3, 4)



4-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін көрсетейік. (1, 2, 3, 4)

1. Қасқыр қорқып қашып кетті.
2. Бір күні орманға барлық қояндар жиналды.
3. – Мен ешкімнен қорықпаймын, қасқырдан да, аюдан да, – деді.
4. Ең бірінші мақтаншақ қоян қорқып кетті.

5-тапсырма. Төмендегі екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестірейік.

Әдепті бала

Әдепсіз бала

ақылды
тәртіпсіз
білімді
салақ
өтірікші

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау 🍌 🤔

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жылай күн ...сағат



Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, е, ө, і, ү, (у).

Сөздегі дауысты дыбыстар жіңішке болса, сөз жіңішке айтылады.

- Өзімізді таныстырамыз.
- Жуан және жіңішке жұп дауыстыларды дұрыс айтамыз, сөздер жазамыз.

1-тапсырма. Өзімізді таныстырып жазайық.

Менің атым – Руым – Әкемнің аты –
 Анамның аты – Мен жастамын. мектебінің
 сыныбында оқимын. Мен,, ұнатамын. Бос уақытымда
,,

2-тапсырма. Берілген жұп дауыстылар кіріскен сөз жазайық.

Мысалы: А-ә: сан – сән, сал – сәл. Ұ-ү: тұр – түр. О-ө: тор – төр.



3-тапсырма. Сөздерді дауыстап оқиық. Осы сөздерді оңнан солға қарай (кері) оқиық. Қандай сөз оқыдың, жазайық.

Сүт – түс

Қысым – _____

Тас – _____


есек – _____

сал – _____

ішік – _____

4-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, жуан айтылатын сөздерді теріп жазайық.

Дастан – ақылды бала. Ол Жазира апайдың отынын жарып, суын тасып, көмектесті. Қария Дастанға алғысын айтып, батасын берді.



Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау





Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн .. сағат



- Өлеңді оқып, жуан айтылатын сөздерді қызыл өңмен бояймыз.
- Сөйлемдерді оқимыз.
- Сөздердің мағынасын біліп аламыз.

1-тапсырма. Өлеңді оқып, жуан айтылатын сөздерді қызыл өңмен бояйық.

Атам менің әрқашан,
«Мейірімді бол!» – деген.
Ақыл сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.

Атам менің әрқашан,
«Ынтымақшыл бол!» – дейтін.
«Бірлік болса адамда,
Шын бақыт қой ол!» – дейтін.

2-тапсырма. Атасы немересіне қандай ақыл айтты?

Blank handwriting lines for the second task.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына жуан дауысты дыбыстарды қойып, сөздердің мағынасын біліп алайық.

Мұсылман х...лқында ам...ндық салты «Ассалаумағалейкум!» деген сөзден басталады. Ол – жақсы тілек. «Сізге Алланың нұры жаус...н» деген сөз.

4-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді қолданылуына қарай сәйкестірейік.

- | | |
|-------------------|-----------------------------|
| 1. Кешіріңіз, | а) айтып беріңізші! |
| 2. Сәлеметсіз бе? | ә) кітапты алып бересіз бе? |
| 3. Ренжімесеңіз, | б) Кіруге бола ма? |

5-тапсырма. Сынамаларды орындайық.

1. Мәтінде неше сөйлем бар?

Көктем келді. Күн жылынды. Жаңбыр жауды. Жер беті көгерді.

- | | | |
|------|------|------|
| а) 5 | ә) 9 | б) 4 |
|------|------|------|

2. «Аққала» сөзінде неше дыбыс бар?

- | | | |
|------|------|------|
| а) 3 | ә) 6 | б) 5 |
|------|------|------|

3. Жуан дауысты дыбыстар қайсысы?

- | | | |
|------------------|---------------|------------------|
| а) ә, і, ү, ө, е | ә) а, о, ұ, ы | б) а, ы, м, ү, й |
|------------------|---------------|------------------|


4. Жіңішке айтылатын сөзді табайық.

- | | | |
|----------|----------|---------|
| а) Арман | ә) өркеш | б) ойын |
|----------|----------|---------|

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау 😊 🤔

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат



- Тыйым сөздерді оқып, есте сақтаймыз.
- Жіңішке айтылатын сөздерді анықтаймыз.
- Берілген сөздерді жуан, жіңішке түріне бөліп жазамыз.

1-тапсырма. Сөздерді түсініп оқып, жіңішке айтылатын сөздерді көк өңмен, жуан айтылатын сөздерді қызыл өңмен бояйық.



2-тапсырма. Тыйым сөздерді оқып, есте сақтайық. Жіңішке айтылатын сөздердің астын сызайық.

Тыйым сөздер

Үйге жүгіріп кірме. Біреудің кемтарлығына күлме. Құстың ұясын бұзба. Құмырсқаның илеуін бұзба. Жалғыз ағашты шаппа. Суға түкірме. Гүлді жұлма. Үлкен кісінің алдын кесіп өтпе. Нанды аяқтың астына тастама. Босағаны керме.

3-тапсырма. Ұйқасын табайық.

Кешірімді боламыз,
 Жұлдыздай боп
 Кішіпейіл
 Құстай қанат

4-тапсырма. Берілген сөздерді жуан, жіңішке түрге бөліп жазайық.

Ата, кісі, арман, сіз, батыр, ұстаз, білім, өнер, жалқау, сәлем, алғыс, өмір, дос, әңгіме, әдепті, мейірімді.

Жуан айтылатын сөздер	Жіңішке айтылатын сөздер
.....
.....
.....
.....
.....

5-тапсырма. Жаңылтпашты жаттап, жаңылмай айтуға жаттығайық.


Ғарышкер ұшты ғарышқа,
 Ғарышқа ұшты ғарышкер,
 Айтшы, ғарыш алыс па?

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн ...сағат



- Мәтінді түсініп, рөлге бөліп оқимыз.
- Мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап береміз.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің жазылуын есте сақтаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді ата-анамызбен бірге рөлге бөліп оқиық.

Автобуста

Автобус **аялдамасына** келдік. Көп ұзамай көк **автобус** келіп тоқтай қалды. Екі есігі бірдей ашылды. Адам да көп. Бірі мінсе, бірі түсіп жатты. Алдыңғы есіктен анам екеуіміз ішке кірдік.

- Мұнда отырыңыз, – деп, менен үлкендеу екі бала анама орын ұсынды.
- **Рақмет**, балалар, – деді, анам отырып жатып.
- Апа, рақметті не үшін айттыңыз? – дедім мен.
- **Кі-ші-пе-йіл-ді-лі-гі** үшін. Сен де солардай бол. Үлкенді **сыйла**. Сонда үлкендер саған рақмет айтатын болады, – деді анам.

Кішіпейілділік – ізет пен әдептіліктің, құрмет пен сыйластықтың белгісі.

2-тапсырма. Мәтін тақырыбына сәйкесетін суретті табайық.



3-тапсырма. Сұраққа жауап жазайық.

1. Апасы мен баласы қайда келе жатты?
2. Анасы балаларға не үшін рақмет айтты?

Handwriting practice lines for the 3rd task.

4-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді теріп жазып, жазылуын есте сақтайық.

Handwriting practice lines for the 4th task.

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ... ай күн ...сағат



Буын дауысты дыбыс арқылы жасалады. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Мысалы: ө-кел, а-та-лар, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік.

- Адасқан буындарды тауып, сөздер құрастырамыз.
- Мақалды оқып, буынға бөліп жазамыз, жаттаймыз.

1-тапсырма. Суреттерге мұқият қарайық. Атауын жазып, буынға бөлейік. Неше буынды сөз екенін цифрмен көрсетейік.









2-тапсырма. Шашылған буындардан сөз құрап жазайық.

кө быз	нақ де	ғы ра	ла ле
лек	сыр	шаң	ақ
ры бе	ға ыл	ла де	па қа

Blank handwriting lines for writing words.

3-тапсырма. Мақалды жаттайық. Буынға бөліп жазайық.

Мақал

Баталы құл арымас,
Батасыз құл жарымас.

Blank handwriting lines for writing the proverb.


Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау

😊 😊

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ... ай ... күн ...сағат

 ➤ Суретті пайдаланып, мәтінді жалғастырып жазамыз.
 ➤ Мәтіндегі қарамен белгіленген сөздерді буынға бөлеміз.
 ➤ Сұрақ бойынша өз ойымызды жазамыз.

1-тапсырма. Суретті пайдаланып, мәтінді жалғастырып жазайық.



Балапан

Демалыста **Нұрбол** мен **Ақжол** атасы мен әжесінің аулына барды. Бірде олар аула ішін тазартып, атасына **көмектесіп** жүрді. Ақжол Нұрболды шақырды...

Handwriting practice lines for the first task, consisting of four sets of horizontal lines with diagonal lines forming a grid.

2-тапсырма. Мәтіндегі қарамен белгіленген сөздерді буынға бөліп жазайық.

Handwriting practice lines for the second task, consisting of four sets of horizontal lines with diagonal lines forming a grid.

3-тапсырма. Сен құстарға қалай қамқорлық жасайсың?

Handwriting practice lines for the third task, consisting of four sets of horizontal lines with diagonal lines forming a grid.

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ...сағат



- Сөздерді үлгі бойынша буынға бөліп жазамыз.
- Мәтінді түсініп оқып, тапсырмалар орындаймыз.
- Сөзге дыбыстық талдау жасаймыз.

1-тапсырма. Берілген сөздер буынға қалай бөлінгеніне зер салайық. Сөздерді үлгі бойынша буынға бөліп жазайық.

Үлгі: Қайың
Қа-йың

ауыл
а-уыл

оңай
о-ңай

Мойын, бауыр, жаңа, тауық, сауысқан, жайын, қауын, қоңыр, жапырақ.

Handwriting practice lines for the first task, consisting of several sets of horizontal lines with diagonal lines forming boxes for writing.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқиық.

Бәрінен де жақсы адам

Бір кішкентай қыз көшеде шешесінен адасып қалыпты. Ол шешесін іздеп, бақырып жылапты. Оны көрген адамдар жұбатып:

– Сен жылама. Біз сені қазір шешеңе алып барамыз. Сенің шешең қандай адам еді? – деп сұрапты. Сонда қыз жылап тұрып:

– Сіз білмеуші ме едіңіз? Менің шешем – бәрінен де жақсы адам, – депті.

3-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемді пайдаланып, кестені толтырайық.

1 буынды сөз	2 буынды сөз	3 буынды сөз
.....
.....
.....	

4-тапсырма. Мақалды жаттайық. Қарамен жазылған сөздерді буынға бөлейік.

Мақал

Оқу – білім азығы,
Білім – ырыс қазығы.

Handwriting practice lines for the fourth task, consisting of several sets of horizontal lines with diagonal lines forming boxes for writing.

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау 😊 😞


Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жылай күн ...сағат



- Сөзжұмбақты шешеміз.
- Сөздерді тасымалдап жазамыз.
- Ұйқасын тауып айтамыз.

1-тапсырма. Сөзжұмбақты шешейік. Алғашқы буындарды бір-бірімен қосып оқиық. Қандай сөз шықты? Ол туралы не білесің?



1. Шашты ретке келтіретін бұйым.
2. Сабақ өтетін бөлме.
3. Малға қарайтын адам.

2-тапсырма. Сөздерді тасымалдап жазайық.

бо - ла - шақ	қа-рын-даш	ке-зек-ші	те-ре-зе
бо - лашақ			
бола - шақ			

3-тапсырма. Әр сөзде неше буын бар? Буын санын жақшаның ішіне белгілеп, сөздерді тасымалдап жазайық.

қармақ (...)
ойыншық (...)
момақан (...)

кебеже (...)
жақ (...)
көбелек (...)

4-тапсырма. Ұйқасын тауып жазайық.

Құйрығы он қарыс,
Бұл айбатты

Өзінше ноян,
Қорқақ

Маңайын түгел көріп,
Биіктен қарайды

Жағасында бұлақ,
Жайылып жүр

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау 🍌 🤔

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күнсағат



Бір буынды сөздерді тасымалдауға болмайды.

1-тапсырма. Өлеңді оқып, тасымалданбайтын сөздердің астын сызайық.

Ана тілі

Ана тілің – арың бұл,
 Ұятың боп тұр бетте.
 Өзге тілдің бәрін біл,
 Өз тіліңді құрметте.
 (Қ.Мырза Әли)

2-тапсырма. Сиқыршы жолда қапшығындағы сөздерді төгіп алды. Сөздерді жинауға көмектесейік.



3-тапсырма. «Сиқыршы» сөзін буынға бөліп, тасымалдайық.

4-тапсырма. Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Жұмбақ

Қараңғыда жымыңдайды, жанады,
 Жарық түссе, бірден сөніп қалады. (.....)

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

- Ертегіні оқып, мазмұнын ата-анамызға айтып береміз.
- Ертегі мазмұны бойынша тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма. Ертегіні оқып, мазмұнын түсініп алайық.

Түлкі мен қоян

Ертеде түлкіде құйрық жоқ болыпты. Қасқырмен тату тұрмаған соң, үнемі қашып жүріпті. Жүрген ізін жасыра алмай, қиналыпты. Қасқыр түлкінің ізіне түсіп, оның ініне кіреді. Түлкі болса, інінің келесі жағынан шығып кетеді. Шығып кетпесе, қасқыр түлкіні жеп қояр еді.

Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатып, бұта түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Түлкі қоянды ұстап алады. Қоян қорыққанынан:

– Түлкішек, мені жібере салшы! Мен саған құйрығымды сыйлайын, – депті.

Міне, содан бері түлкінің құйрығы ұзын, әдемі, ал қоянның құйрығы қысқа екен.


1) «Қасқырмен», «қояндар», «түлкішек» сөздерін тасымалдап жазайық.

Handwriting practice lines for copying the words: «Қасқырмен», «қояндар», «түлкішек».

2) Ертегіден тасымалданбайтын сөздерді теріп жазайық.

Handwriting practice lines for selecting words from the text that do not change when copied.

3) Ертегі кейіпкерлерінің біреуін таңдап, бояйық. Сол кейіпкерге қатысты тірек сөздерді сызықпен сәйкестірейік.



• қу
• сүйкімді
• шағады
• алдайды
• көмектеседі
• қорқады
• жамандық жасайды
• ашулы
• ақылды
• мейірімді

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жылай күн ..сағат



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын дөңгелектеп белгілейміз.
- Жұмбақтың шешуін суретпен көрсетеміз.
- Досымыздың жақсы қасиеттерін жазамыз.

1. Дұрыс буынға бөлінген сөзді табайық.
 а) ба-ла-пан ә) ба-лап-ан б) бал–апан
2. Тасымалданбайтын сөзді табайық.
 а) та-ға ә) ақ б) ша-ға-ла
3. Дұрыс тасымалданған сөзді табайық.
 а) ба-уырсақ ә) бау-ырсақ б) бауы-рсақ
4. Жуан, жіңішке айтылатын сөздерді топтап жазайық.
 Құс, жүзім, дәрігер, жұлдыз, балалар, өсімдік.

Жуан айтылатын сөздер	Жіңішке айтылатын сөздер

5. Орны ауыстырылып берілген сөздерден дұрыс сөйлем құрап жазайық.
 алғыс, Жақсылық, жасаған, айтамыз, адамға.

Handwriting practice lines for task 5.

6. Досымыздың жақсы қасиеттерін жазайық.

Handwriting practice lines for task 6.

7. Жұмбақтың шешуін тауып, буынға бөліп жазайық.

Сөйлегенді білмейді,
 Бірақ: «Тоқта!», «Сақтан!», «Жүр!» – дейді.
 (.....)

8. Берілген дауыстылардың жіңішке жұптарын жазайық.

А - Ұ -
 О - Ы -

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн сағат

Өзіндік бағалаудың жол картасы

➤ «Біз не үйрендік?» бөліміндегі тапсырмаларды орындап, «Жұлдызды баспалдаққа» шығайық.

Жұлдызды баспалдақ

1 Дұрыс буынға бөлінген сөзді белгілейік.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

2 Тасымалданбайтын сөзді табыық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

3 Дұрыс тасымалданған сөзді табыық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

4 Жуан, жіңішке айтылатын сөздерді топтап жазайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

5 Дұрыс сөйлем болдырайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

6 Досымыздың жақсы қасиеттерін жазайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

7 Жұмбақтың шешуін табыық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

8 Жуан, жіңішке жұп дауыстыларды жазайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	7	8
Жауаптары								

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат


Кім? не? кімдер? нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ... ай күн.....сағат

- Сурет бойынша шағын мәтін құрастырамыз.
- Жазған мәтіндерімізді ата-ана, отбасы мүшелеріне дауыстап оқып береміз.

1-тапсырма. Сурет бойынша шағын мәтін құрастырып жазайық.



A large grid of blue lines for writing the story.

2-тапсырма. «Кім көп сөз табады?» ойыны. Торкөзде жасырылған туыстық атауларды тауып оқиық, оларды бояйық. Жазайық.

І	Қ	А	Р	Ы	Н	Д	А	С	О
Н	Я	Ө	Һ	А	Р	А	Қ	І	Ж
І	Ә	В	Ц	Н	Л	Т	Ә	Ң	Ш
Х	Ж	А	Т	А	Ч	А	П	І	Ө
Я	Е	Ғ	Ш	Е	Ш	Е	К	Л	Б
У	Т	А	Ъ	Х	Ә	К	Е	Ы	Е
Б	А	У	Ы	Р	Ч	З	О	Э	Р
Ю	А	П	А	Н	Е	М	Е	Р	Е

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)
- 6)
- 7)
- 8)
- 9)
- 10)

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:



Бастаған: жылай күн ...сағат



Кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер адамның, жануардың және заттың атын білдіреді.

- Суреттегі заттардың атын жазып, сұрақ қоямыз.
- Суреттерді бояймыз.
- Өлеңді оқимыз, жаттаймыз.

1-тапсырма. Суреттегі заттардың атын жазып, сұрақ қояйық.



2-тапсырма. Жоғарыдағы суреттерді түрлі түсті қарындашпен бояйық.

3-тапсырма. Өлеңді оқып, есте сақтайық.

Ата ақылы

Кел, кел, балам, кел, балам,
Айтайын ақыл мен саған.
Демесін ешкім өзіңді,
«Әкеден үлгі алмаған!».
Жеті атаңды жат біліп,
Атаңдай бол аумаған!

4-тапсырма. Сөздерді топтап жазайық.

Аға, Отан, қалам, іні, дәптерлер, кітап, әже, достардың, отбасым, әке, бұлақ.

Тасымалданатын сөздер	Тасымалданбайтын сөздер
.....
.....

5-тапсырма. Жеті атамызды үлкендерден сұрап, біліп, жазып алайық.

- Өз атым:
- Әкем аты:
- Атам аты:
- Арғы атам аты:
- Түп атам аты:
- Бабам аты:
- Тек атам аты:

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау 😊 😞

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Өлеңді мәнерлеп оқимыз.
- Сөйлемдерді толықтырып жазамыз.
- Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастырамыз.
- *Кім? кімдер?* деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызамыз.

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқимыз.

Сен бақытты ұлансың

Анаң – күнің, жүрегің,
 Әкең – өмір тірегің.
 Сен бақытты ұлансың,
 Бәрі саған қуансын!

Әжең – асыл ардағың,
 Атаң – дана қорғаның.
 Сен бақытты ұлансың,
 Бәрі саған қуансын!

2-тапсырма. Сөйлемдерге сәйкес суреттерді анықтап, сөйлемдерді толықтырып жазайық.



Әжем қонақтарға _____ ұсынды. _____ шай ішті.
 Әкем _____ тартады. _____ маған айран құйып берді.

3-тапсырма. Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастырып жазайық. *Кім? кімдер?* деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызайық.

1. Айжан, бара жатыр, Мәрия, мен, ауылға.
2. тұрады, ата, апа, Онда, аға, бауырлары.
3. үлкен, маңында, өзен, Ауыл, бар.

Blank writing lines for the 3rd task.

4-тапсырма. Дұрыс жауабын белгілейік.

1. Екі буынды сөзді табайық.
 а) оқушылар ә) әнші б) күй
2. “Саяхат” сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар?
 а) 5 әріп, 6 дыбыс ә) 6 әріп, 7 дыбыс б) 6 әріп, 5 дыбыс

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



➤ Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Кішкентай көмекші

Ақан демалысқа атасы мен әжесінің үйіне келді. Атасы – бағбан. Бау-бақша жасыл кілемдей жайнап тұр. Ақан күні бойы атасымен бақта жүреді. Ағаштардың түбін қопсытады. Арам шөптерден арылтады. Атасына бақшаны уақытында суаруға көмектеседі. Ал атасы мен әжесі кішкентай көмекшінің еңбегіне риза.

1. Мәтіннен **кім?** деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жазайық.

2. **«Атасына»** сөзін буынға бөліп жазайық.

3. Ақан атасына қалай көмектесті?

Handwriting practice lines for the answer to question 3.

2-тапсырма. Жаңбыр тамшылары мен бұлттарға жазылған сөздерді тиісті көлшікке түсуіне көмектесейік.

«Көмектесейік» ойыны



Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау 😊 🤔

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Суреттегі заттардың атын жазып, сұрақ қоямыз.
- Мәтінді оқимыз, қарамен жазылған сөздерді кестеге орналастырамыз.
- Берілген сөздерді үлгі бойынша жазамыз.

1-тапсырма. Суреттегі заттардың атын жазып, сұрақ қояйық.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқиық.

Өнегелі отбасы

Біз – үлкен отбасымыз. Атам, әжем, әкем, шешем, **ағаларым** – бәріміз тату-тәтті тұрамыз. Атам – озат **малшы**. Елге сыйлы **адам**. Әкем мен шешем – **дәрігер**.

Атамның **жылқылары** көп. Мен **ат** мінгенді ұнатамын. Отбасымыздағы үлкендерді тыңдап, үнемі ақылдасып отырамыз.

3-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді кестеге орналастырайық.

Кім?	Не?	Кімдер?	Нелер?

4-тапсырма. Берілген сөздерді үлгі бойынша орындап, жазайық.

Үлгі: Суреттер – сурет

Нелер? Не?

Терезелер – _____

Балталар – _____

Ойыншықтар – _____

Қағаздар – _____

Сиыр – сиырлар

Не? Нелер?

Кесте – _____

Мал – _____

Торғай – _____

Ағаш – _____

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазайық.

Болат ерте Төсегін өзі Болат – өтебала.

Ол сабақты жақсы Бос уақытында ата-анасына

Керекті сөздер: оқиды, көмектеседі, жинайды, тұрады, ұқыпты.


Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау





Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат



- «Кісі аты бас әріппен жазылады» дегенді еске сақтаймыз.
- Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Туған күн

Менің атым – Ажар. Бүгін менің туған күнім. Туған күніме ауылдан атам мен әжем келді. Анам дәмді тағамдар дайындады. Маған көп сыйлықтар берді. Ағам маған ертегілер кітабын сыйлады. Мені құттықтап достарым, Гүлжан мен Жанар да, келді. Мен оған қатты қуандым. Мен кітап оқуды өте жақсы көремін. Менің туған күнім көңілді өтті.

1. Кімнің туған күні болды? Дұрыс жауабын белгілейік.

а) анасының	ә) ағасының	б) Жанардың
в) атасының	г) Ажардың	д) Гүлжанның

2. Ағасы не сыйлады? Суретін сызайық.

3. Оқыған мәтінге сәйкес келетін суретті табайық.









2-тапсырма. Мәтіндегі кісі аттарын теріп жазайық.

3-тапсырма. Ажарға арнап құттықтау жазайық.

Handwriting practice lines consisting of four horizontal lines and several vertical lines forming columns.


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау




Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күнсағат



- Кісі аттарын әліпби ретімен жазамыз.
- Сөздерге тиісті жалғауларды дұрыс сәйкестіреміз.
- Сөздерді оқып, заттың атын білдіретін сөздерді теріп жазамыз.

1-тапсырма. Кісі аттарын әліпби ретімен жазайық.

Ержан, Ақжол, Жайнагүл, Бақыт, Гүлсім, Сәбит, Тоқтар, Әлжан, Нағима, Үміт, Олжас, Юра, Шалқар, Мадина.

Blank handwriting lines for the first task.

2-тапсырма. Сөздерге тиісті жалғауларды дұрыс сәйкестірейік.

Әже	↘	-дар	аға	-тер
Ұстаз		-лар	жеміс	-дер
Мектеп		-лер	хат	-лар
Ана		-тер	өзен	-тар

3-тапсырма. Сөздерді оқып, заттың атын білдіретін сөздерді теріп жазайық.

Әдемі, жүгірді, алмұрт, күлді, үйлер, ертең, ағаштар, жасыл, гүлдер.

Blank handwriting lines for the third task.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мәтінді толықтырайық.

Биыл менің нағашы _____ сексен жасқа келеді. Нағашы _____ 5-сыныпты бітірді. Ал мен 1-сыныпты аяқтадым. Нағашы _____ балабақшаға барады. Мен оларға _____ боламын.

Керекті сөздер: атам, ағам, қарындасым, жиен.

5-тапсырма. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға жаттығайық.

Шабысты ат,
Шалыс шаппас.
Шалыс шапса,
Алыс шаппас.


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн сағат



- Алған білімімізге сүйене отырып, тапсырмаларды орындаймыз.
- Өрбір тапсырманың соңындағы төртбұрышты бояймыз.

■
 Тапсырманы толық орындадым.

■
 Тапсырманы түсінбедім..

1. Тасымалданбайтын сөзді табайық.

а) Қобда ә) адам б) шағала

2. Дұрыс тасымалданған сөзді табайық.

а) жұ - мы - ртқа ә) жұ - мыр - тқа б) жұ - мырт - қа

3. Заттың атын білдіретін сөзді табайық.

а) отыр ә) үлкен б) өзен в) жиырма

4. Не? сұрағына жауап беретін сөзді табайық.

а) ана ә) бала б) балық в) ойнады

5. Сөздерді оқып, сұрақ қояйық.

Отбасы, ұшқыш, жұмыртқа, дәрі, сауыншы, бүркіт, аңдар, нағашылар, бұлт.

6. Сөздерді оқып, нүктенің орнына кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді жазайық.

Өпке - киім -
 Мұғалім - дәптер -
 Дәрігер - қозы -

7. Сызбаға сәйкес сөйлем құрап жазайық.

8. Өз отбасымызды таныстырып, шағын мәтін жазайық.

Аяқтаған: жыл ай күн сағат

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	7	8
Өзіндік бағалау								
Мұғалім бағалауы								

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ... ай күн сағат



- Ребусты шешеміз.
- Суреттердің атын жазамыз.
- Өлеңді оқып, жаттаймыз.
- Мақалды жаттап, көркем жазамыз.

1-тапсырма. Ребусты шешіп, жазайық.



2-тапсырма. Суреттердің атауын жазайық.



3-тапсырма. Өлеңді оқып, жаттап алайық.

Отан

Көп аузынан түспейтін,
 Отан деген немене?
 Оның тұлға, түс, кейпін,
 Достым, білгің келе ме?

Отан – сенің ата-анаң,
 Отан – досың, бауырың,
 Отан – өлкең, астанаң,
 Отан – туған ауылың.

4-тапсырма. Мақалдарды оқып жаттайық, көркем жазайық.

Мақал

1. Отан оттан да ыстық.
2. Отан отбасынан басталады.
3. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Handwriting practice lines consisting of multiple horizontal blue lines and vertical blue lines forming a grid for writing.


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күнсағат



Жер-су, қала, ел аттары бас әріппен басталып жазылады.

- Мәтінді түсініп оқимыз.
- Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.

Туған елім

Біздің еліміз – Моңғол мемлекеті. Азия құрлығында орналасқан. Солтүстігінде Ресей Федерациясы, оңтүстігінде Қытай елімен шекараласады.

Мемлекет астанасы – Улаанбаатар қаласы. Елімізде халх, қазақ, дөрвөд, урианхай, тувалар өмір сүреді.

2-тапсырма. Мәтіндегі бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазайық.

Handwriting practice lines with slanted blue lines for letter formation.

3-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтардың жауабын сәйкестірейік.

Еліміздің астанасы –	Азия
Еліміз қай құрлықта орналасқан?	Қытай
Шекараласатын елі –	Улаанбаатар

4-тапсырма. «Мемлекет» сөзін тасымалдап жазайық.

Handwriting practice lines for copying the word «Мемлекет».

5-тапсырма. Жұмбақтың шешуін табайық.

Жұмбақ

Бар ма, жоқ па, білмеймін,
Ол жоқ жерде жүрмеймін. (.....)


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау




Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ... ай күнсағат



- Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаймыз.
- Мәтіннен сызбаға сәйкес келетін сөйлемді тауып, үлгіге жазамыз.
- Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін тауып, белгілейміз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Саяхат

Нұрлан жазда Улаанбаатар қаласына барды. Қала көшелері кең, әдемі гүлдерге толы екен. Ол Богдхаан тауына шықты. Туул өзеніне шомылды. Циркке барып, хайуанаттардың ойынын көрді. Сайқымазақтың өнерін тамашалады. Саяхат көңілді өтті.

1. Мәтінде кездесетін сөздерді белгілейік.

саяхат
Аю
Ағаш
Цирк

2. Мәтіннен сызбаға сәйкес келетін сөйлемді тауып, үлгіге жазайық.

3. Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін жазайық. (1, 2, 3, 4)

- Нұрлан циркке барды.
- Саяхат көңілді болды.
- Ол сайқымазақтың өнерін тамашалады.
- Богдхаан тауына шықты.

4. Берілген сөздерді буынға бөліп жазайық.

Гүлдер, өнерін, тамашалады, саяхат.

5. Мәтіндегі жер-су аттарын теріп жазайық.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ... ай күнсағат



- Үй жануарларына ат қойып, бас әріппен жазамыз.
- Суреттегі кейіпкерлерге ат қоямыз.
- Сол атауларды кірістіріп, сурет бойынша шағын мәтін құрап жазамыз.

1-тапсырма. Суреттегі үй жануарларына ат қойып, сөйлемді толықтырып жазайық.



Айболаттың атасында _____ деген аты бар.

Нарқұланның күшігінің аты – _____.

2-тапсырма. Суреттегі балаларға және кішкентай күшікке ат қояйық. Қойған есімдерімізді кірістіріп, сурет бойынша шағын мәтін құрап жазайық.




Handwriting practice grid consisting of multiple rows of blue lines forming a grid pattern.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күнсағат



- Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаймыз.
- Өлеңді жаттап аламыз.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, төмендегі кестені толтырайық.

Баян-Өлгий аймағы 1940 жылы орнаған. Еліміздің батыс өлкесіндегі Алтай тауының теріскей бетіне орналасқан. Аймағымызда Бесбоғда, Цамбагарав, Сайыр сияқты биік таулар, Ачит, Даян, Хотон, Хоргон, Толбо секілді көлдер, Қобда, Ақсу, Согоог, Ёлт, Сагсай, Булган секілді үлкен өзендер бар. Аймақ орталығы Өлгий қаласы – Қобда өзенінің жағасында орналасқан әсем қала.

Таулар	Көлдер	Өзендер
.....
.....
.....
.....

2-тапсырма. Өлеңді оқып, жаттап алайық. Тасымалданбайтын сөздердің астын сызайық.

Отан

Отанды біз «Атамекен», Деп аялап айтамыз. Өйткені оны мекен еткен, Бабамыз мен атамыз.	Отанды жас, кәріміз де, «Туған жер» деп сүйеміз. Өйткені онда бәріміз де, Туып, өмір сүреміз. <i>(Е. Өтетілеуов)</i>
---	--

3-тапсырма. Сөздерді оқып, жуан дауысты дыбыстарды бояйық.

Құс, қарға, бүркіт, қарлығаш, шағала, бұлбұл, сұңқар, торғай, шымшық, жарқанат.

4-тапсырма. Құлын мен күшікке берілетін есімдерді сәйкестірейік.





Ақтөс

Құтжол

Құлагер

Тайбурыл

Қарауыз

Тарзан

Ақтабан

Байшұбар

Қарақасқа

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

1. Жіңішке айтылған сөзді табайық.

- а) тақия ә) өркеш б) қарағай

2. Сөздерді оқып, төмендегі кестені толтырайық.

Бесбоғда, Құлагер, Майтабан, Өлгий, Алыпсоқ, Ақсу, Қобда өзен, Хөвсгел.

Жер, су аттары	Үй жануарларына берілген аттар	Қала аттары
.....
.....
.....

3. Бас әріппен жазылатын сөздерді табайық.

- а) жануарлар, жәндіктер
 ә) кісі аттары, өсімдік атауы
 б) адамның аты-жөні, жер-су аты, жануарларға қойылатын аттар

4. Сөздердің орнын тауып, дұрыс сөйлем құрап жазайық.

1. өзенінің, Қобда, жағасында, Өлгий, орналасқан, қаласы.
 2. Моңғолиядағы, тау, биік, ең, Бесбоғда, тауы.

5. Көп нүктенің орнына сәйкес келетін сөзді белгілейік.

(.....) серуенге жиналды.

- а) бұлттар ә) кітаптар б) балалар в) үйлер

6. Бас әріппен жазылатын сөздерді тауып, қатесін дұрыстап жазайық.

алыпсоқ – өте сақ ит. ағамның көкбурыл аты бәйгеден озып келді. мен ақсу арасанына бардым. оқушылар бөкентауға шықты. қобда өзенде балық көп.

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ... ай күнсағат

Тараулық бағалаудың жол картасы

«Біз не үйрендік?» бөліміндегі тапсырмаларды орындап, Ертегілер еліне саяхаттайық.



Бас әріппен жазылатын сөздерді тауып, қатесін дұрыстап жазайық.

6. Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

Сөздердің орнын тауып, дұрыс сөйлем құрап жазайық.

Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

5. Нүктенің орнына сәйкес келетін сөзді белгілейік.

Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

4. Бас әріппен жазылатын сөздерді табайық.

Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

3. Жіңішке айтылған сөзді табайық.

Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

2. Кестені толықтырайық.

Мұғалімнің бағалауы.
Өзіндік бағалау.

1. Мұғалімнің бағалауы
Өзіндік бағалау

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6
Жауаптары						

Аяқтаған: жыл ай ... күн..... сағат